



2025-2026 оқу жылына арналған

АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Аты-жөні: Айтқұлова Диана Нәзірқызы

Арнайы педагогтың мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту, тәрбиелеу және түзете-дамыту процесін ұйымдастыру, психофизикалық дамуындағы бұзылыстарды енсеруге көмектесу және әлеуметтенуін қамтамасыз ету.

Арнайы педагогтың міндеттері:

- 1) Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау;
- 2) Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын енсеру үшін жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 3) Жеке, топтық және кіші топтық сабақтар өткізу;
- 4) Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мұғалімдермен, мамандармен және ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу;
- 5) Мұғалімдерге, ата-аналарға оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация беру;
- 6) Инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыруға ықпал ету, балаларды әлеуметтендіру мен дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- 7) Білім алушылардың даму динамикасын жүйелі түрде бақылау және нәтижелерін талдау.

Арнайы педагогтың жұмысының негізгі бағыттары:

1. Диагностикалық бағыт;
2. Консультативтік бағыт;
3. Дамыту (түзету) бағыты;
4. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты;
5. Ұйымдастыру –әдістемелік бағыты.